

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті - Елбасы атындағы ұлттық қорғаныс университетінің мәселелері

Күші жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 20 наурыздағы N 276 қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 02.12.2016 № 755 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі)

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 02.12.2016 № 755 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 01.07.2014 № 754 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасының қорғанысы және Қарулы Күштері туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 9 сәуірдегі Заңының 15-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған "Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы атындағы ұлттық қорғаныс университеті" республикалық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – мекеме) туралы ереже бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 01.07.2014 № 754 қаулысымен.

2. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2011.05.26 № 580 Қаулысымен.

3. Мекеменің қызметін қаржыландыру және материалдық-техникалық қамтамасыз ету республикалық бюджетте Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне жоғары оқу орындарында кадрларды даярлауға көзделген қаражат есебінен және шегінде жүзеге асырылады деп белгіленсін.

4. "Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Әскери академиясы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 16 маусымдағы N 977 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2003 жылғы 20 наурыздағы
N 276 қаулысымен
бекітілген

"Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы атындағы ұлттық қорғаныс университеті" республикалық мемлекеттік мекемесі туралы ереже

Ескерту. Ереженің тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 01.07.2014 № 754 қаулысымен.

1. Жалпы ережелер

1. Ұлттық қорғаныс университеті (бұдан әрі - Университет) жоғары әскери кәсіптік білім берудің және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын әскери оқу орны болып табылады. <*

>

Ескерту. 1-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.10.31. N 1080 қаулысымен

2. Университет өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына, өзге де нормативтік құқықтық кесімдерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Университеттің мемлекеттік мекеменің ұйымдастырушылық-құқықтық нысанындағы Жауынгерлік туы, мемлекеттік тілде өз атауы бар Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген мөрі, мөртаңбалары мен белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес банктерде шоттары бар.

Университет өз атынан азаматтық-құқықтық қатынасқа түседі.

4. Университет өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Университет бастығының бұйрықтарымен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

5. Университеттің заңды мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Есіл ауданы, Тұран даңғылы, 72-үй.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 01.07.2014 № 754 қаулысымен.

6. Университеттің толық атауы: "Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы атындағы ұлттық қорғаныс университеті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 01.07.2014 № 754 қаулысымен.

2. Университеттің мақсаты, міндеттері мен функциялары

7. Университеттің мақсаты жоғары әскери кәсіптік білім берудің және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыру болып табылады.

8. Университеттің міндеттері мыналар болып табылады:

1) жоғары әскери және жоғары әскери-арнаулы білімді офицер кадрларды даярлау;

2) офицерлік құрамды қайта даярлау және жетілдіру;

3) әскери ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлау;

4) тәрбие процесін ұйымдастыру.

9. Университет Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес басқа мемлекеттердің азаматтарын даярлауды жүзеге асыра алады.

10. Университет көрсетілген міндеттерге қол жеткізу үшін мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) жоғары әскери білім берудің және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім берудің білім беру бағдарламаларын меңгеру үшін жағдай жасау;

2) терең әскери-арнаулы білімді, нақты дағдылар мен шеберлікті, өзге де кәсіби қасиеттерді қалыптастыру;

3) патриотизм сезімін, әскери антқа адалдықты тәрбиелеу, жеке адамның шығармашылық, рухани және дене бітімінің мүмкіндіктерін дамыту, адамгершіліктің берік негізін, әскери этика, тәртіптілік пен ұйымшылдықты қалыптастыру;

4) мемлекеттік жалпыға бірдей міндетті білім беру стандарттарының негізінде оқу жоспарлары мен бағдарламаларына сәйкес оқу және тәрбиелік қызметті жүзеге асыру.

3. Университеттің қызметін ұйымдастыру

11. Университет:

1) Университетке азаматтарды қабылдаудың тәртібін оқу орындарына қабылдаудың үлгі ережелеріне сәйкес белгілейді;

2) оқушыларды өтпелі аттестациялаудың нысанын, тәртібін және кезеңділігін дербес таңдайды.

12. Университетті тікелей басқаруды Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрінің ұсынымы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті лауазымға тағайындайтын және лауазымнан босататын бастық жүзеге асырады.

13. Университеттің бастығы дара басшылық қағидатында әрекет етеді және лауазымдық өкілеттіктеріне сәйкес Университет қызметінің мәселелерін дербес шешеді.

14. Университеттің бастығы басшылықты жүзеге асырған кезде белгіленген тәртіппен:

- 1) барлық ұйымдарда Университеттің мүддесін білдіреді;
- 2) барлық қызметкерлер үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;
- 3) номенклатураға сәйкес Университет қызметкерлерін лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады;
- 4) Университет қызметкерлеріне көтермелеу шараларын және тәртіптік жаза қолданады;
- 5) өз орынбасарларының және Университеттің өзге де басшы қызметкерлерінің міндеттерін және өкілеттік шеңберін айқындайды;
- 6) оған заңнамамен, осы Ережемен жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

4. Университеттің мүлкі

15. Университеттің негізгі қорлардан және айналымды қаражаттан, сондай-ақ құны Университеттің теңгерімінде көрсетілетін өзге де мүліктен тұратын жедел басқару құқығындағы оқшауланған мүлкі болады.

16. Университеттің өзіне және оған смета бойынша бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетінше иеліктен шығаруға немесе оған өзге де тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. Университетті қайта ұйымдастыру және тарату

17. Университетті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.